

«Бекітемін»
 Батыс Қазақстан
 инновациялық-технологиялық
 университетінің тәрбие ісі жөніндегі
 проректоры
 А.И. Абекешев
 « 07 » 09 2021 ж.

**«ТЕКТІ ҰРПАҚТАР» ПІКІР-САЙЫС КЛУБЫНЫҢ
 ЕРЕЖЕСІ**

Өзгертулер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмері	Дайындаушы	
			Тегі, аты, жөні	Қолы
			Сәлімгерей ж.	Жолды

Орал – 2021 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Пікір-сайыс клубының мақсаттары мен міндеттері
3. «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубының құрамы
4. Пікір-сайыс клубының әкімшілігінің міндеттері мен құқықары
5. Пікір-сайыс клубының құқықтары мен міндеттері
6. Пікір-сайыс клубының жиналысы
7. Пікір-сайыс клубының мүшелерінің жауапкершілігі
8. Сілтемелер

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубы (ары қарай ПСК) – университет деңгейінде студенттердің шешендік шеберліктерін, көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушық қабілеттерін дамыту үшін ерікті түрде құрылған студенттердің қоғамдық ұйымы.

1.2. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубына күндізгі оқу формасындағы студенттердің мүшелікке қабылданады.

1.3. «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубы еріктілік, жариялылық және клуб мүшелерінің теңдігі принциптерінің негізінде жұмыс істейді.

1.4. «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубы өз жұмысында келесілерді басшылыққа алады:

- ҚР Конституциясын;
- ҚР Заңдарын;
- ҚР заңүсті актілерін;
- Университет Жарғысын;
- Ішкі тәртіп ережелерін;
- Университет ректорының бұйрықтарын;
- Университеттің тәрбие жұмысы жоспарларын;

1.5. Әрбір студент осы Ережеге сәйкес «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубына кез келген деңгейіне сайлануға немесе сайлауға құқылы.

1.6. «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубының жұмысы жоғары оқу орнының барлық студенттеріне бағытталады.

1.7. «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубының шешімдері ұсынушылық сипатқа ие.

1.8. «Текті Ұрпақтар» пікір-сайыс клубының президенті университеттің Ғылыми кеңесінің құрамына кіреді.

2. ПІКІР-САЙЫС КЛУБЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубы – студенттер арасында коммуникативтік дағдыларды, қоғамдық жағдайларға баға беруге, көшбасшылық дағдыларды дамыту және басқа да студенттік қоғамдық ұйымдармен байланыста болу мақсатында құрылған.

2.2. «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубының міндеттері:

- студенттердің креативті ойлауын, шығармашылығын, шешендік шеберлігін дамыту;
- ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытатын жағдайлар жасау;
- басқа университеттермен байланыс орнатып, қонақтық ойындар өткізу арқылы тәжірибе алмасу.

3. «ТЕКТІ ҰРПАҚТАР» ПІКІР-САЙЫС КЛУБЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

3.1. «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубының құрылымы:

3.2. «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубы әкімшіліктен және мүшелерден тұрады

3.3. «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубының әкімшілігінің құрамы:

- Президент
- Координаторы
- Ақпараттық қызмет
- Пиар бөлімі
- Ақпараттық бюро

3.4. «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубының мүшелері:

- Жаңадан келгендер
- Спикерлер
- Төрешілер
- Уақыт төрешілері

4. ПІКІР-САЙЫС КЛУБЫНЫҢ ӘКІМШІЛІГІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубының әкімшілігінің міндеттері мен құқықтары:

- Президент – Клуб басқарушысы болып саналады.

Президент құқылы:

- Пікір сайыс клубының жұмысына өзгертулер енгізуге;

- Кезекті және кезектен тыс жиналыстар өткізуге;
- «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубының іс-әрекетін Университет әкімшілігімен және басқа да студенттік ұйымдармен сәйкестендіруге;
- «Текті Ұрпақтар» пікір сайыс клубының әкімшілігі мен мүшелерін бекітуге;
- Өз орнына мұрагер дайындап қалдыруға;
- ПСК координаторының шығарған шешімімен келіспеуге, соңғы шешімді қабылдауға;
- ПСК байланысты басқа да сұрақтарды шешуге.

Президент міндетті:

- ПСК жоспарларын және мақсаттарын іске асыруға;
- ПСК әкімшілігі мен мүшелеріне жауапты болуға;
- координатордың жұмыс бабындағы кемшіліктерін жоюға.

ПСК координаторы – президенттің бірінші орынбасары, Президент болмағанда, Президенттің қызметтерін уақытша атқарушы. Лига координаторын ПСК мүшелері жабық дауыс беру арқылы, 1 жыл мерзімге, келесі жылы қайта сайлану құқығымен сайлайды.

ПСК координаторы құқылы:

- Жиналыс уақытын белгілеуге;
- Фракциаларға турнирлерге шығуға мүмкіндік беруге;
- Лига ішілік кіші турнирлер өткізуге;
- Спикерлерді ойынға қатыстыруға және себептерін нақты көрсетіп, спикерге түсіндірген жағдайда ойыннан алшақтатуға;
- Бейресми шаралар өткізуге;

Ақпараттық қызмет – өз кезегінде уақытылы және сапалы түрде ПСК мүшелерін барлық ақпарат түрлерімен қамтамасыз етуге және басқа ПСК-мен, басқа да студенттік ұйымдармен байланыс орнатуға жауап береді. ПСК айлық есептерін өткізуге жауап береді. Ақпараттық қызмет құрамын Лига координаторлары мен Президент уақытша мерзімге тағайындайды.

5. ПСКІР-САЙЫС КЛУБЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. «Текті Ұрпақтар» ПСК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері:

- Формат үйренуге құқылы;
- Клуб ішілік турнирлерге қатысуға құқылы;
- Лига орынбасарына ұсыныс жасауға құқылы;
- Қалалық, облыстық, республикалық турнирлерге Лига координаторының жолдамасымен қатысуға құқылы;

- Уақытылы жиналысқа келуге міндетті.
- Лига координаторымен берілген тақырыптарға дайындалуға міндетті;
- Басқа да ПСК әкімшілігімен жүктелеген жұмыстарды атқаруға міндетті.

6. ПСК-САЙЫС КЛУБЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫ

6.1. ПСК жиналысы

– ПСК жиналысы – ПСК басты мәселелерін шешу және әрі қарай дамытуға бағытталған, әр апта сайын Дебат ойындары өткізілетін жиналыс. Оған ДК әкімшілігі мен мүшелері қатысады.

– Маусымның басында ПСК мүшелерінің сабақ кестесіне сай ДК жиналысының кестесі жасалады. Белгілі бір себептерге (мейрам, турнир, демалыс және т.б.) байланысты күні мен уақыты өзгеріп отыруы мүмкін. Лигалар жиналысы 1 айда бір рет өткізеді.

– Лига жиналысының өтуіне Лига координаторы, егер Лига координаторы болмаса Лига координаторының орынбасары жауапты.

– Кезектен тыс жиналыс ПСК Президентінің бастамасымен, координатор алдын ала ескертіліп өтеді.

– Қажетті жағдайда жиналысы шақырушы жақтың аймағында өтеді.

– Клуб әкімшілігінің рұқсатымен жиналысына қонақтар қатыса алады.

7. ПСК-САЙЫС КЛУБЫНА МҮШЕЛІК

7.1. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің күндізгі оқу формасындағы студенттері «Текті Ұрпақтар» ПСК мүшесі бола алады.

7.2. ПСК құрамынан шығу белгілі себептерге байланысты ПСК әкімшілігінің шешімімен немесе студенттің өз еркімен жүзеге асады.

8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. ҚР «Білім Туралы» заңы № 319-III 27 шілдедегі 2007 ж., 13.01.2015 жылғы өзгертулермен;
2. Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі № 499, өзгерістермен 07.04.2017;
3. БҚИТУ жарғысы;
4. Университетішілік нормативтік құжаттар.